

АЛИҚЫБИН

Отырар мәдени және рухани да орда еді



Жуырда «Айқын» газетінен қаламы да ойы да жүйрік журналист інім Төреғали Тәшеннің «Отырар кітапханасы: даңқ пен дақпырт» атты мақаласын оқыдым.

Онда ол «XII ғасырда Отырар кітапханасы әлем бойынша Александрия

кітапханасынан кейінгі екінші орында болған дегенді айтады журналистер» деп жазыпты. Сондай-ақ «Отырар кітапханасын шынымен Шыңғыс хан өртеп жіберген бе, жаулаған елдерінің дініне, діліне қиянат жасамаған Шыңғыс ханның кітап өртеуі мүмкін бе?» дей отырып, бірнеше сауалды көлденең тартады. Бұл сұрақтар менің де ойымда жүретін.

Бір нәрсе анық. Төреғалидің өзі де айтқандай, Отырарда кітапхана, әрине болған. Ислам діні мен өркениеті қазақ даласына Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) бабасы ислам дінін қабылдаған тұста – VIII ғасыр шамасында келген.

Ислам қала мәдениеті еді. Сондықтан мешіт, медреселер, оның жанындағы кітапханалар жайлауларға емес, қалалар мен кенттерге салынды. Ал ондай үлкенді-кішілі қалалар мен кенттер қазақ даласының әсіресе оңтүстігінде жетерлік-ті. Олар Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам, Отырар, Сүткент, Манкент, Түркістан, Баладж, Созақ, Өзгент, Сығанак, Женд; Тараз бен оның маңындағы Жікіл, Шелжі, Меркі, Құлан, Баласағұн және т.б. Ол қалалар мен ондағы медреселер де кітапханасыз болған жоқ. Әңгіме бірақ, Төреғали бауырым сауал тастағандай, Отырар кітапханасы Александрия кітапханасынан кейінгі екінші орында ма еді? Әдебиеттерден мен де Отырар кітапханасы Александрия кітапханасынан кейінгі орында еді дегенді кездестірген емеспін. Бірақ ол ондай еңбектер жоқ дегенді білдірмесе керек. Мүмкін ондай жолдардың ұшыраспауы, ондай жазба деректердің біздің қолымызға тимей жүргендігінен де болар.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары менің ізденістерім Отырардан 11 әл-Фарабилердің шыққанын көрсетсе, ал арада 40 жылдай өткен соң жаңа деректер Отырардың ойшыл ғұлама перзенттерінің санын 30-ға жеткенін көрсетті. Бәлкі одан да көп шығар. Кеңестік кезеңде орта ғасырлық бабалар жайлы араб, парсы тілдерінде жазылған жазба деректерге қол жете бермейтін.

Мысырдағы қазіргі Александрия қаласында бірнеше рет болдым. Ежелгі тарихи кітапхананың орнын да көрдім. Ол шағын ғана жер, себебі кітапхана шағындау болатын. Өйткені сан ғасырлар бұрын Александрия да шағын ғана

кент еді. Осыдан біраз бұрын қалпына келтірілген, қазіргі кітапхана да шағын.

Иә, Александрия халқы ерте замандарда бүгінгідей миллион да емес-тін. Ежелгі Александрия кітапханасындағы дүниелер көне грек тілінде жазылды. Онда римдік және грекиялық және т.б. ғалымдар жұмыс істеді. Кейінірек отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби эллин дәуірі ғалымдарының еңбектерін араб тіліне аударды, түсіндірмелер жазды, зерттеді.

Әбу Насыр әл-Фараби араб елдеріне білім іздеп жас кезінде емес, әуелгі білімді елінде алып, оңы мен солын таныған, ғылым мен білімге деген ынтықтығы мен қызығушылығы ояңған кезде барған. Әл-Фараби өмір сүрген тұста Бағдадта белгілі медреселер (сол кездегі жоғары оқу орны) болды. Оған



ешкім де дайындықсыз барып түсе алмайтын.

Әл-Фараби отанындағы медреселерден білім алмаса, Бағдад пен Дамаскінің (Шамның) жоғары оқу орындарында (медреселерде) білімін жетілдірмесе, атақты ғалым дәрежесіне қалай жете алған.

Отырар Орта Азияның Ахсикент, Шаш, Марғилан, Насаф, Ниса, Мары іспетті шаһарларына қарағанда көлемділеу-ді. Отырардағыдай Орта Азияның аталмыш қалалары мен кенттерінен талай Ахсикенти, Насафи, Марғилани, Маруази, Шаши, Фарғани, Насаи секілді ойшылдар шықты. Бұл дақпырт емес, ақиқат.

Бүгіндері Отырар кітапханасы Александрия кітапханасынан үлкен бе, жоқ кіші ме еді деп күмәнданудың қажеті бар ма? Қайсысының үлкен, яки кіші болғанын әрине, бір Алла ғана біледі.

Біздің ұзақ жылдардағы зерттеулеріміз Х-ХVI ғасырларда қазақ жерінің түрлі шаһарларынан, шығармаларын Құран тілінде немесе парсы, яки шағатай тілдерінде туындатқан 250-ден астам ғалымдар шыққанын көрсетіп отыр. Ал бір ғана Отырардың өзінен 30-дан астам ғалымдар шыққан дедік. Отырарда бір емес, тіпті бірнеше кітапханалар да болуы бек мүмкін. Бірақ жаугершілік кездері мешіттер мен медреселердің өртке ұшырағаны сияқты, олар да қирады.

Александрия кітапханасы демекші, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол кітапханадан Отырарлық ойшыл, тілші ғалым Исхақ әл-Фарабидің (Хғ.) «Диуан әл-адаб» атты шығармасының қолжазбасы табылды. Ол 70-80 жылдары бірнеше том етіп жариялады. Оны іске асырғандар Кувейт университетінің профессоры, доктор Ахмед Мұхтар Умар мен каирлік доктор Ибрахим Анис.

«Жаулаған елдерінің дініне, діліне қиянат жасамаған Шыңғыс ханның кітап өртеуі мүмкін бе» депті Төреғали інім. Соғыс кезінде тек адам шығыны ғана емес, материалдық та шығын болады емес пе?! Оны Таяу және Орта Шығыс

елдерінде болып жатқан соғыстар дәлелдеген жоқ па?! Соғыс ештеңені де, ешкімді де таңдамайды, бәрін де жалмайды. Пальмирадағы көне заман жәдігерліктері де солардың күйін кешуде.

Әйгілі ақын, жазушы Мұхтар Шаханов пен өзге де қаламгерлер Отырар тақырыбына бірнеше шығармалар арнады. Олар қазақ жерінде атақты қалалар мен кітапханалардың болғаны, Отырардан әйгілі ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің шыққанын мақтаныш етті. Олардың ол дүниелері халықтың рухын, мақтаныш сезімін оятты.

Десек те, бүгіндері өкінішке орай бұқаралық ақпарат құралдарынан «біз көшпелі болдық» дегенді жиі естиміз. Көшпелі болдық дегенді жұрт «түгі жоқ, мәдениеттен жұрдай» деп түсінеді. Егер олай болса, Тараздың 2000 Түркістанның 1500 жылдығын неге тойладық?

Қазақ жерінен табылып жатқан жәдігерліктер, рухани, мәдени мұраларды көршілес кейбір жұрттар өздерінікі санап, ие болып жатқандары содан емес пе? Әбу Насыр әл-Фараби де күні-бүгінге дейін түрлі елдердің ғалымы саналып жүр. Бүйтіп өзіміздікінен күмандана, күдіктене берсек барымыздан айырылып қалмаймыз ба?!!

Қазақ жерінде қала мәдениеті, мешіттер мен медреселер, кітапханалар, сандаған парасат иелері, ойшыл ғалымдар да болған.

Біз исламды қабылдап қана қоймай, ислам өркениетіне үлес қосқан халықпыз.

Әбсаттар қажы Дербісәлі

Р.Сүлейменов атындағы

Шығыстану институтының директоры,

ҚР Жоғары мектеп ҒА-ның академигі,

филология ғылымдарының докторы, профессор